

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының "Ақшаны жария етуіне байланысты Қазақстан Республикасының рақымшылық жасалған азаматтарына екінші деңгейдегі банктердің арнайы есепшоттар ашу және жүргізу тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 2001 жылғы 9 сәуірдегі N 89 қаулысымен бекітілген Ақшаны жария етуіне байланысты Қазақстан Республикасының рақымшылық жасалған азаматтарына екінші деңгейдегі банктердің арнайы есепшоттар ашу және жүргізу тәртібі туралы нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтыруды бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 17 мамырдағы N 135 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 18 мамырда тіркелді. Тіркеу N 1516. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2004 жылғы 13 қыркүйектегі N 119 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасы азаматтарының ақшаны жария етуіне байланысты оларға рақымшылық жасау туралы" Z010173_ Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының рақымшылық жасалған азаматтарының ақшасын жария ету жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 9 сәуірдегі N 89 V011466_ қаулысымен бекітілген Ақшаны жария етуіне байланысты Қазақстан Республикасының рақымшылық жасалған азаматтарына екінші деңгейдегі банктердің арнайы есепшоттар ашу және жүргізу тәртібі туралы нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтыру бекітілсін және бұл өзгерістер мен толықтыру және осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енгізілсін.

2. Банктерді қадағалау департаменті (Мекішев А.А.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 9 сәуірдегі N 89 қаулысымен бекітілген Ақшаны жария етуіне байланысты Қазақстан Республикасының рақымшылық жасалған азаматтарына екінші деңгейдегі банктердің арнайы есепшоттар ашу және жүргізу тәртібі туралы нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтыруды Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден

өткізілген күннен бастап екі күндік мерзімде осы қаулыны және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 9 сәуірдегі N 89 қаулысымен бекітілген Ақшаны жария етуіне байланысты Қазақстан Республикасының рақымшылық жасалған азаматтарына екінші деңгейдегі банктердің арнайы есепшоттар ашу және жүргізу тәртібі туралы нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтыруды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне, аумақтық филиалдарына және екінші деңгейдегі банктерге жіберсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Е.Т. Жанкелдинге жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2001 жылғы 17 мамырдағы
N 135 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Ақшаны жария етуіне байланысты Қазақстан Республикасының рақымшылық жасалған азаматтарына екінші деңгейдегі банктердің арнайы есепшоттар ашу және жүргізу тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 2001 жылғы 9 сәуірдегі N 89 қаулысымен бекітілген

Ақшаны жария етуіне байланысты Қазақстан Республикасының рақымшылық жасалған азаматтарына екінші деңгейдегі банктердің арнайы есепшоттар ашу және жүргізу тәртібі туралы нұсқаулыққа өзгеріс пен толықтыру

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 9 сәуірдегі N 89 қаулысымен бекітілген Ақшаны жария етуіне байланысты Қазақстан Республикасының рақымшылық жасалған азаматтарына екінші деңгейдегі банктердің арнайы есепшоттар ашу және жүргізу тәртібі туралы V011466_ нұсқаулыққа мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

1. 3-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Сонымен бірге арнайы есепшотқа осы Нұсқаулықтың N 2-2 қосымшасына сәйкес тізбе бойынша шетел валютасы шектеу қойылмай аударылады."

2. 15 - т а р м а қ т а ғ ы :

"көшірмесін" деген сөз "нотариат куәландырған көшірмесін" деген сөздермен ауыстырылсын ;

"үш күндік" деген сөздер "бес күндік" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. Мынадай редакциядағы N 2-2 қосымшамен толықтырылсын:

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2001 жылғы 9 сәуірдегі
N 89 қаулысымен бекітілген
Ақшаны жария етуіне байланысты
Қазақстан Республикасының
рақымшылық жасалған
азаматтарына екінші деңгейдегі
банктердің арнайы есепшоттар
ашу және жүргізу тәртібі
туралы нұсқаулыққа

N 2-2 қосымша

Қазақстан Республикасы азаматтарының ақшасын жария ету
бойынша арнайы есепшотқа есептелуге тиісті шетел
валютасының ТІЗБЕСІ

- 1 . Австралия доллары
- 2 . Австрия шиллингi
- 3 . Ағылшын стерлинг фунты
- 4 . Бельгия франкі
- 5 . Голланд гульдені
- 6 . Дат кронасы
- 7 . АҚШ доллары
- 8 . Е У Р О
- 9 . Ирланд фунты
- 10 . Испан песетасы
- 11 . Итальян лирі
- 12 . Канада доллары
- 13 . Неміс маркасы
- 14 . Норвег кронасы
- 15 . Португал эскудосы
- 16 . Фин маркасы
- 17 . Француз франкі
- 18 . Швед кронасы
- 19 . Швейцар франкі
- 20 . Жапон иені " .

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК